



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 2

2024

ISSN 2310-3353



PUBLISHINGS
K S P I



Қ М П И
ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
К Г П И

2024 ж., сәуір, №2 (74)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

Бас редактор: *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

Бас редактордың орынбасары: *Жарлыгасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әлімбаев А.Е., философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

Емин Атасой, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

Зоя Микниене, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

Качев Д.А., философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Ксембаева С.К., педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Лина Анастасова, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

Медетов Н.А., физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Мишулина О.В., экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Соловьев С.А., биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

Скоруходов Д.М., техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

Сычева И.Н., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

Ташев А.Н., экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

Уразбоев Г.У., физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47
(Редакциялық-баспа бөлімі)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

№2 (74), апрель 2024 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

Главный редактор: *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Заместитель главного редактора: *Жарлығасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбаев А.Е., доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

Емин Атасой, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

Зоя Микниене, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

Качеев Д.А., кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Ксембаева С.К., кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

Лина Анастасова, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

Медетов Н.А., доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

Мишулина О.В., доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Соловьев С.А., доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

Скорыходов Д.М., кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Сычева И.Н., кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Ташев А.Н., кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

Уразбоев Г.У., доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы, 47
(Редакционно-издательский отдел)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

FTAMP 14.35.07

*Меңлікөжаева, С.Қ.
Аймұратова, Т.С.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті, Қазақстан
Республикасы, Қызылорда қ.*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА БАУЛУ

Түйін

Бұл мақалада біздің айтпағымыз–педагог пен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынас туралы болмақ.

Қызметті жаңадан бастаған жас мұғалімдер үшін табысты жұмыс істеуге тек пәндік және психологиялық-педагогикалық білім ғана емес, қарым-қатынас жасау қабілеті қажет екендігі бірден байқалады.

Сіз осындай қарым-қатынасқа дайынсыз ба?! Көптеген адамдарға бұл сұрақ оғаш болып естілуі мүмкін: біз үнемі араласамыз, байланыссыз өмірді елестету мүмкін емес. Бірақ жауап беруге асығудың қажеті жоқ. Әңгіме кәсіби педагогикалық қарым-қатынасқа дайындық туралы айтылып отыр, ол төмендегілер арқылы анықталады: қарым-қатынас педагогикасының негіздерін білу; қарым-қатынасты ұйымдастыру және өзінің психикалық жағдайын басқару дағдыларын меңгеру; мұғалімнің белгілі бір адамгершілік және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру. Осы көкейкесті мәселелерді шешу жолдары көрсетіліп, ғылыми тұрғыда негізделеді.

***Кілтті сөздер:** психологиялық білім, педагогикалық қарым-қатынас, қабілет, мұғалім.*

1 Кіріспе

Бүгінде жаңарған қоғамға сәйкес мамандықтар рөлі сапалы өзгерістерге ұшырауда. Енді олар бұрынғыдай тұрақты табыс көзі ғана емес бүкіл әлемнің даму үдерісіне айналууда. Тың жаңалықтар жылдамдығын одан әрі күшейтіп, аса күрделі құралдар мен жабдықтар дамып, әлеуметтік-саяси жүйе өзгеруде. Осыған байланысты қызметкерлер мен олардың орындайтын қызметтеріне қойылатын талаптар да өзгеруде. Бұл педагогикалық мамандықтың қызметі мен мұғалімдер қауымын да айналып өтпейді.

Қазіргі қоғамда педагогикалық мамандық қызметкерлері білім беру, даму және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерді көрсететін өзгерістерге кездесуде. Білім берудегі технологияның дамуымен мұғалімдер оқытудың жаңа әдістеріне, цифрлық технологияларды, онлайн ресурстарды және білім беру платформаларын біріктіру мұғалімдерден оқу үдерісін байыту үшін, осы құралдарды тиімді пайдалана білуді талап етуде. Әлемдік білім беру тәжірибесінің кеңеюі мәдениетаралық алмасу мен түсіністіктің маңыздылығын көрсетеді.

Жапония, Корея, Германия сияқты алдыңғы қатарлы елдерде қызметке тұру үшін төмендегідей үш талапты қояды екен:

- өз бетінше ойланып, мәселені шеше алатын болуы керек.
- қисынды және шығармашылықпен ойлай білу.
- түсінігі терең, тіл байлығы мол болу.

Бұл талаптар болашақ ұстаздарға қойылатын талаптармен де мазмұндас. Сондықтан, ЖОО-ның мамандарды дайындау барысында атқаратын жауапкершілігі жоғарыдағы міндеттерді орындауды талап етеді.

Цифрлық технологиялар, оқыту технологияларының қарқындап дамуына байланысты «өз бетінше» және «дербес» оқу мүмкіндігі көбейіп, студенттердің пайдалануына қажетті

контент мүмкіндіктері артып, интернетте дәрістер саны көбейді. Бірақ, онлайн қолжетімділік білім берудегі зерттеу, талқылау, өндіру, ынтымақтасу және игеру процесстерін толыққанды қамтамасыз ете алмайды. Біздің студенттердің қазіргі «буыны» цифрлық технологияларды қолдана алады, алайда олардың көмегімен білімді игеріп алады десек артық айтқандық болар еді. Оқып-жазуды меңгерген адамның кітаптың көмегімен білімді игеруі екі талай. Білім алушылар үшін оқытушылар қажет екендігі сөзсіз. Білім алушылар мақсат ететін оқушылар үшін алдарына қойған міндеттері үлкен, ол үшін оларға ұстаздар қажет, себебі қай заманда болсын білімді игеру оңай емес. Сондықтан профессор-оқытушылар алдына «Білім беру жолында оқытушы мен оқушыға қолдау көрсету үшін цифрлық технологияларды қалай қолданған жөн» деген сұрақтарды қойғаны жөн. Себебі, мектепті бітіріп ЖОО-на студент болған білім алушылардың сабақ барысында сөз сөйлеуі, дауыс ырғағы, денелерін қозғауы тағы да басқа педагогикалық іс-әрекетте кері әсер ететін жағымсыз қылықтарын байқап қаламыз.

2 Материалдар мен әдістер

Осы тұрғыдан алғанда біз дәріс беретін «Мамандыққа кіріспе» пәні болашақ ұстаздар үшін үлкен баспалдақтың алғашқы басқышы. Оқу жылының басынан бастап, педагогикалық қызмет, педагогикалық іс-әрекеттің мәні, педагогтің бойында болуға тиісті қабілет, қасиет, іскерлік, дағды тағы сол сияқты көптеген тақырыптар туралы мағлұматтар беріледі. Білім алушылар әрбір дәрістен кейін, тақырыпқа қатысты көптеген сұрақтардың мазмұнын цифрлық технологияларды қолдана отырып талдайды. Негізгі тақырыптың біреуі, педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынас, оның функциялары мен құралдары туралы болды.

Студенттердің оқуға ынтымақтасуы өте жоғары, әрбір тапсырманы ізденіспен, шығармашылықпен орындап, бір-біріне сұрақ беріп, жұмыстарын бағалап, пікірлерін ашық, нақты айтып отырды.

Педагогикалық іс-әрекет, педагогтар мен психологтардың атап көрсеткеніндей мағынасы бойынша бірлескен іс-әрекет, оның үстіне бұл қарым-қатынас заңдылықтары бойынша құрылған әрекет.

Қарым-қатынас мұғалім, тәрбиеші, жаттықтырушы, студия меңгерушісі қызметінің негізгі ажырамас элементі. Педагогикалық іс-әрекет барысындағы сабақ, үйірме сабақтары, түрлі мерекелерде өткізілетін іс-шаралар, жорыққа шығу, емтихан тапсыру, ата-аналар жиналысы, педагогикалық кеңес-бұлар ең алдымен оқушымен, әріптестермен, әкімшілік құрамымен, ата-аналармен қарым-қатынас болып табылады.

Педагогикалық қарым-қатынастың мәнімен ерекшеліктері педагог-психологтар А.Л.Бодалев, А.А.Леонтьев, Н.В.Кузьмина, В.А.Кан-Калик, Я.Я.Реана еңбектерінде ашылып көрсетілген.

Педагогикалық қарым-қатынас қарым-қатынастың ерекше түріне жататын «кәсіби категория». Оның рөлі әрқашанда оқыту, тәрбиелеу және дамыту.

Қарым-қатынас, қарым-қатынас жасаушы тараптардың жеке тұлғалар мен олардың өзара қатыстарын дамытуға бағытталған. Педагогикалық қарым-қатынас динамикалық процесс болғандықтан оқушылардың жасына байланысты қарым-қатынаста мұғалімнің де, балалардың да ұстанымы өзгереді.

В.А.Кан-Каликтің пікірінше, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас педагогикалық ықпал ету арнасының бір түрі. Мектеп оқушыларының, қарым-қатынасына педагогикалық әсер етудің бірегей арнасы, яғни мұғалім өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқы арқылы оқушыларға қарым-қатынас үлгісін береді.

Педагогикалық қарым-қатынас мұғалім тұлғасы арқылы жүзеге асатынын ерекше атап өтеміз. «Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас деп мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесу жүйесін түсінеміз, оның мазмұнын ашатын ақпарат алмасу, тұлғалық білім және тәрбиелік ықпал ету» [1].

Анықтамадан шығатындай педагогикалық процестің күрделі процесс екенін түсіну қиын емес.

Қарым-қатынас жасауда оның атқаратын функциясымен қолданатын құралдарына баса назар аударған орынды.

Көптеген оқушылар үшін сабақта қиын сұрақтарға жауап беру барысында мұғалім оларды қолдап, басын изеп немесе жәймен жымып жақсы баға қойғаны өте маңызды болар еді.

Ал, жүзі суық, көзі ештеңені білдірмейтін мұғалімнен жақсы баға алудың өзі қандай қиын.

Мұғалім сабаққа өзімен бірге алақанының жылуын әкелсе, оқушы үшін өте маңызды іс-әрекет болар еді. Е.Н.Ильин бұл әдеттен тыс вербальды емес қарым-қатынас құралы туралы былай жазады: «Мұғалімдердің сабақ барысында оқушыға қолымен жанасуы өте сирек жағдай. Қолымыздың рухани қызметі арқылы біз сабырлы, қамқор, мінезі ауыр адамдарды жұбатуға, тыныштандыруға, екі адамды татуластыруға болатындығы туралы бәріміз бірдей біле бермейміз. Қолдар тіпті сөзден көбірек «ішкі және рухани тыныштық» орнатуға қабілетті. Менің балалардың біреуін де қолмен жанап өтпеген кезім болған жоқ. Біріне алақанымды қойып, жазып отырған шығармасының жетіспей тұрған екі үтірін қоюға көмектесемін, бірінің иығын ұстап, денесін дұрыс ұстап отыру керек екенін білдіремін, енді біреуінің күртешесінің, не жидесінің жағасын түзетемін. Бір сөзбен айтқанда қолыммен оларды жанап өтемін. Алдын ала мен олардың ешқайсысының қарсылық білдірмейтінін білемін. Олар, бұның моральдық жағы емес, энергия жағынан да көмек екенін түсінеді» [2,99б].

Вербальды емес (сөзсіз әсер) етудің қызықты әдісі «Жарқырау» деп көрсетті психиатор – дәрігер В.Леви [3]. «Жарқырау» (шуақ шашу) – (қарым-қатынас) коммуни-кабельді ғұламалардың психотехникасынан алынған. Кейбіреулер үшін «жүзі күлкіге бөленеді», «беті нұрланып тұр», «көздері от шашып тұр», «табиғатынан шуақты» т.с.с. деген сөздер айтылады. Мұғалім «ішкі жарығын» жаға білуі керек. Сол арқылы, сіз жылу бере аласыз. Сіз, өзіңіздің ішкі жағыңызда от, шырақ пеші, күн мен жұлдыз (сөздің бұл жерде мағынасы маңызды емес) белгілі бір жылу мен жарық көзі жанып, жарық беріп тұр деп сендіріңіз. Сонда нағыз жан-жағыңызға жылу беріп, шуақ шашатын қайнар көзі өзіңіз бола-сыз. Біреуге деген қызығушылық, достық, жанашырлық, қуаныш пен сүйіспеншілік күйін жиі еске түсіріңіз. Оларды үнемі бойыңызда ұстаңыз.

Егер жетістікке жетемін десеңіз – есіңізде сақтаңыз:

- Осылайша, қарым-қатынас мәдениетіне сөйлеу арқылы да, сөзсіз басқа құралдар арқылы да қолжеткізуге болады.

- Педагогикалық қарым-қатынастың вербальды, вербальды емес екенін оқушылардың сұрақтарға берген жауабы айтады.

Г.И.Шукина дәлелдеп көрсеткендей, қарым-қатынастың, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруға және нығайтуға тигізер әсері мол.

3 Нәтижелер

Ғалымдар атап өткендей, мұғалімдер іс жүзінде қарым-қатынасқа қолайлы органы қамтамасыз етеді; сабақ барысында, не сабақтан тыс іс-шараларда өткізуге қолайлы жағдай жасайды; тұлғаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады; орналастыруға мүмкіндік береді. Сонымен педагогикалық қарым-қатынас деген не?

Сіз оған қандай анықтама берер едіңіз? Жоғарғы сынып оқушыларымен жаратылыстану институтының бірінші курс студенттерінің (математика мұғалімдерін даярлау БББ бойынша оқитын) жоғарыдағы сұрақтарға берген жауаптарын төмендегі кесте бойынша салыстырып көрейік.

Жоғарыда айтылған пікірлер жинағынан бұл құбылыстың мәнін ашатын негізгі ережелер бар деп айтуға болады. Енді оларды В.А.Кан-Калик пен Н.Д.Никандровтың берген анықтамасы мен салыстырайық [1,83б].

Кесте-1

Жоғарғы сынып оқушыларының жауаптары	Бірінші курс студенттерінің жауаптары
педагогикалық қарым-қатынас -бұл мектептегі өмір	педагогикалық қарым-қатынас бұл мұғалімдер мен оқушылар және олардың ата-аналары арасындағы қызықты байланыстар
педагогикалық қарым-қатынас- сені мұғалімдердің түсінуі	педагогикалық қарым-қатынас—бұл бірлескен жұмыс
педагогикалық қарым-қатынас бұл өзіңнің сүйікті ұстаздарыңмен, достарыңмен кездесу	педагогикалық қарым-қатынас – бұл үнемі білім, ой –пікірлеріңмен алмасу

Ғалым-зерттеушілер және соңғы жылдары мектеп мұғалімдері де, педагогикалық қарым-қатынас мәселелерінің өте өзекті екендігіне баса назар аударуда.

Неліктен бұл мәселе кәсіби педагогикалық қызметте жұрттың назарын өзіне аударуда?

Бәрінен бұрын қарым-қатынас оқу-тәрбие мәселелерін шешу құралы болғандықтан өте маңызды болып табылады.

Оқушылармен қарым-қатынас жасай отырып, мұғалім олардың жеке қасиеттерін, ерекшеліктерін зерттейді. Құндылық бағдарлары, тұлға аралық қарым-қатынастар, белгілі бір іс-әрекеттерінің себептері туралы ақпаратталады.

Қарым-қатынас мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетін реттейді. Олардың өзара әрекетін қамтамасыз етеді; педагогикалық процестің нәтижелі болуына ықпал етеді.

Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологиялары оқу орындарында тек педагогикалық тұрғыдан ойластырылған қарым-қатынаста ғана «жұмыс істейтінін» тәжірибе барысында көріп жүрміз.

Педагогикалық іс-әрекетте қарым-қатынас оқушылардың позициясы мен шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға, білім мен дағдыны меңгеру нәтижесіне айтарлықтай әсер етеді.

«Мұғалімнің сыртқы бейнесінен сіздер бәрінен бұрын қандай белгілерін бөліп алар едіңіздер» деген сұраққа болашақ мұғалімдердің 80 пайызы бірінші кезекте бет әлпет пен көзді қояды, ал 60-пайызы дауыс туралы айтады. Мұғалімге үнемі өзінің дауысын жаттықтыру және қорғау, тілін байыту, өз ойын жеткізе білуді меңгеру, дикциямен, интонациямен жұмыс жасау қажет.

Оқушылар мен қарым-қатынаста мұғалімнің қарым-қатынас құралдарын дұрыс қолданып, оның функцияларын тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қарым-қатынастың әдетте, өзара байланыста функцияларын ажыратып айтамыз:

- педагог ақпаратты (вербальды) сөзбен не (вербальды емес) сөзсіз байланыс құралдарымен береді.

- педагогикалық қарым-қатынас бұл бәрінен коммуникабельді мәліметтерді педагогикалық іс-әрекетте беру, пікір және ақпарат алмасу. Ақпараттандыру мұғалімнің барлық әрекеттері мен бірге жүреді. Ақпарат алмасу, әсіресе жаңадан келген мұғалім үшін педагогикалық қызметтің ең үлкен аспектісі болып табылады. Коммуникацияның тиімділігі көптеген шарттарға байланысты.

Ең алдымен ақпаратты беруде, оқушының түсінуі және қабылдауы үшін оң мотивацияны қамтамасыз ету, қарым-қатынас тақырыбына олардың қызығушылығын ояту, назарларын аудару өте маңызды. Осы мақсатта мұғалімдер қызықты фактілерді, проблемалық жағдаяттарды, көркем әдебиеттен үзінділерді, тарихи материалдарды, анықтамаларды пайдаланады. Пәндер бойынша мысалдар келтіре кетейік.

9 сынып физика сабағы.

Тақырыбы: «Заттың агрегаттық күйін өлшеу»

Мұғалім сабақты парадокстық есептен бастады. 1980 жылы Үндістанда метеорит құлады. Аспанда от ізін салып, ақ ыстық дене батпаққа құлады. Метеорит құлағанда жерден «мұз блогын» тапқанда жүгіріп жеткен адамдардың таңданысын елестетіп көріңіз. Аспандағы от ызғарлы Үндістанға мұз алып келді.

8 сынып орыс әдебиеті сабағы.

Тақырыбы: «Капитанская дочка»

Мұғалім сабақты проблемалық ситуациядан бастады. «А. С. Пушкин повестін, оның басты кейіпкерлері Гринев пен Пугачев бола тұра «Капитанская дочка» деп неліктен атады?»

7 сынып география сабағы.

Тақырыбы: «Антарктида»

Мұғалім мынандай фактімен сабақты бастады. «Теңізшілер айсбергтің желге қарсы қалқып жүзетінін бір емес, бернеше рет байқаған. Жел айдаған мұз бір бағытта, ал айсбергтер мүлдем басқа бағытта желге қарсы қалқып жүреді. Сіздер, неліктен бұлай болды деп ойлайсыңдар?»

5 сынып математика сабағы.

Тақырыбы: «Рационал сандарды көбейту және бөлу» (саяхат сабақ)

Бүгінгі сабағымыз ерекше сабақ. Біз сіздермен су астына саяхат жасаймыз. Біз капитан Немоның өзінің атақты «Наутилус» кемесімен су астында жүзгендей 2000 м тереңдікті бағындыруымыз керек.

Сонымен, біз Үнді мұхитының әдемілігін көреміз, Мариан шұңқырына көз жүгіртеміз сөйтіп су астындағы патшалықта кімдер өмір сүріп жатқанын қызықтап танысасыздар. Біздің «Наутилус» қашықта емес деп ойлаңыздар. Осы жерден біз жүзуді бастаймыз. Ал су астына сүнгуге дайын болыңдар. Бізді кемеміз минутына -20 м тереңдікке түседі. -20 м деген нені білдіреді? (20 м теңіз деңгейінен төмен деген сөз) 1 сағаттан соң қандай тереңдікте боламыз. Жауаптар нұсқасы 1200 м; -1200 м (1200 м теңіз деңгейінен төмен деген және -1200 м деген сөйлем мағынасын түсіндіріңдер.)

4 Талқылау

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, педагог ақпаратты(вербальды)сөзбен не(вербальды емес)сөзсіз байланыс құралдарымен береді.

Г.И.Шукинаның жазуы бойынша «сөйлеу әрекетінің призмасы арқылы қарым-қатынас стилі мен сипатын, мұғалімнің қарастырылатын мәселелермен проблемаларға жеке көзқарасын байқауға болады»[4]. Сөйлеу барысында эрудиция,педагогикалық шеберлік, мұғалімнің оқушылар мен қарым-қатынасын құру қабілеті көрінеді.Мұғалім сөзі-оның кәсіби құралы«оқушының жан дүниесіне әсер етудің таптырмас құралы»болып табылады.

Шабыттандырушы адамның сезіміне, эмоциясына, мақсатына қарай сөз олардың көңіл-күйін көтеру болуы мүмкін,мұнда ең бастысы көңіл көтеру, қызығушылық зейінді сақтау; ақпараттық – бір нәрсе туралы жана ұғым көрініс береді.

Сендіру–кез-келген ұстанымды дәлелдеу немесе жоққа шығару үшін логикалық дәлелдерді қамтиды;әрекет жасауға шақырады.

Педагогикалық қарым-қатынаста сөйлеу алуан түрлі болып келеді, ол сендіре ме, хабардар етеме, мұғалім оқушыларды шақырама, бірақ оған қарамастан оның сөзіне, сөлем құрастыруына ерекше талаптар қойылады.

Дұрыс(әдеби-лингвистикалық нормаларды сақтау); дәлдік(сөздерді,сөз тіркестерін өзіне тән мағыналарында қолдану).

Айқындық,қарапайым,логикалық,қолжетімділік сөз байлығы(қолданылатын тілдік құралдардың әртүрлілігі); көркем бейнелілігі, эмоцияналдық.

Сөзді шебер қолдану үшін мұғалімнің өзіне мынадай сұрақтар беру қажет:

Күнделікті іс-әрекетте дұрыс айту, дұрыс жеткізу, сенімді айту, эмоциялық түрде қалай айту керек.

Коммуникацияда не айтылғаны маңызды емес, қалай айтылғаны маңызды. Әдемі сөйлеуді үйрететін ерекше ғылым–риторика шешендік өнерді үйретеді. Ол ақпаратты әдемі жеткізудің жолдарын ашып қана қоймайды, сөзді басқа адамға әсер ету, құралына айналдыратын ережелерді айқын көрсетеді.

Сөз мұғалімнің беретін ақпаратының мазмұнына және кіммен сөйлесетіндігіне көзқарасын білдіреді.

А.С.Макаренко 15-20 интонациялық түрлері бар «бері кел» деген сөздерді айтуды үйренгенде ғана шебер бола аласың деп есептейді. Интонация педагогтың сөзіне эмоционалдық бояу береді.

«Адамдарды мағына емес, интонация ренжітеді, өйткені интонация жасырын және негізгі мағынаны ашады» деп атап көрсетеді – Ю.Трифонов[5]. Дауыс ырғағы оқушының назарын аударып және сөздер мен сөз тіркестерін ажыратып, тапсырманың маңыздылығын атап көрсете, ұсынылған ақпаратқа іс-әрекеттің нәтижесіне оң немесе теріс көзқарасын білдіре алады.

К.С.Станославский адамдардың бес сезім мүшесінің: көздерінің, мимикасының, дауыстарының, қолдарының, саусақтарының қимылдарының сондай-ақ шуақ шашу жасайтынын дәлелдеді. Бұл сөзсіз құралдарды қарым-қатынас жасаудың эмоционалдық тілі деп атайды.

Педагогикалық қарым-қатынас процесінде білім алу, эмоционалдық реакциялар ауызша сөйлеудің монологиялық және диалогтық формасында жүзеге асады.

Сөйлеудің монологиялық формасы педагогтарға оқу материалын түсіндіруі қиын, күрделі материалдарды баяндау үшін, жасалған тәжірибені қорытындылау, практикалық сабақтар, лабораториялық жұмыстарды өту барысында қоладанылады. Бұл форма мұғалімнен логиканы, сенімді дәлелдерді, шолу жасауды сөйлеуден алатын әсердің барлық мүмкіндіктерін пайдалануды талап етеді (есте ұзақ сақталатын салыстырулардың жарқын мысалдары, тарихи экскурсия, саяхат жасау т.с.).

Мектептегі оқу-тәрбие үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі емес түрлерін пайдаланып оқытудың диалогтік формасының кең таралуына ықпал етеді.

Диалог–рационалды және эмоционалды ақпараттың ауыспалы алмасуы мұғалімнен оқушыға және керісінше ауысуы.

М.М.Бахтин шындық жеке адамның басында өмірге келмейді, ол оны іздейді, адамның бір-бірімен қарым-қатынасы барысында өмірге келеді деп есептейді.

Диалогта мұғалімнің сұрақтарды құрастыра білуі кәсіби тұрғыдан маңызды «Кәсіби тұрғыдан сұрақ қоя білу іскерлігі–зерделілікпен көрегенділіктің маңызды белгісі» (И.Кант) [6]. Сыныпта, сабақтан тыс қарым-қатынаста, кез-келген мәселені талқылағанда, мұғалімнің берген сұрағы оның айналасында қызығушылық танытатындай диалог туғызу керек.

Сұрақ қою, өз ойын эмоционалды түрде жеткізе білу, қарым-қатынастың коммуникативтің ең маңызды аспектісі болып табылады, бірақ мұғалім үшін маңыздылығы онан кем емес, екінші аспектісі–тыңдай білу дағдысы.

В.А.Сухомлинский «баланы тыңдай білу дағдысы–ең үлкен педагогикалық өнер» деп жазды. Мұғалімнің тыңдай білу дағдысы–педагогтың іскерлік, бұл оның іс-әрекеті барысындағы белсенділік үрдісі, тәрбиеленушілермен бірлесіп, өзара түсіністікпен қарым-қатынас жасау. Мұғалімнің тыңдау кезіндегі ұстанымы жауап беруші оқушыға деген жанашырлықпен көзқарасынан көрінеді: «Есептің шартын тауып, бір оқып ал», «Асықпай, ойлан».

Жақсылап тыңдау іскерлігі неден көрінеді? Осы күні білім алушылардың, жақында ғана мектеп бітірген түлектердің ойлары бойынша «жауап берушіге құрмет», «жауаптың

мәніне мұғалімнің назар аударуы», «жауап беру барысында сізге мейірімділікпен қолдау көрсету мүмкіндігінде», «айтылып жатқан жауапқа қызығушылық танытуы», «солай, солай, әрі қарай жалғастыр, реплика тастау», «жауапты бөлмей тындау дағдысы», «әдептілік нормаларын сақтау».

Мұғалімнің кәсіби мәдениетінің ең маңызды негізі педагогикалық этика немесе деонтология болып табылады. (грек тілінен аударғанда deon-дом, logos-учение).

Өздеріңіз білетіндей, этика адамдар арасындағы мінез-құлық пен қарым-қатынастың нормалары мен ережелері туралы ғылым.

Педагогикалық этика жалпы этикалық нормаларға сүйене отырып, мұғалімнің оқушылармен, әріптестермен қарым-қатынас процесінде ұстануға тиісті нормативтік моралдық ұстанымдарын анықтайды.

Гуманистік педагогика ғасырлар бойы өзінің ең жақсы өкілдерінің айтуымен балаларға деген сүйіспеншілікті бастапқы «этикалық норма» деп атайды.

1. Егер сіз өздеріңізге сеніп тапсырылған әрбір оқушыны (олар тәртіпті де, бұзақы да, еңбекқор да, жалқау да, ұқыпсыз да, ұқыпты да болуы мүмкін жағдайда) жан-тәніңізбен жақсы көре алмасаңыз, оған әлі дайын болмасаңыз онда орта ғасырда өмір сүрген Я.А. Коменскийдің пікіріне құлақ салыңыз, барлық балалар мекемелері «Ізгіліктің шеберханасына» айналу керек деген [7]. Кейінірек осы туралы И.И. Бецкой, Н.И. Пирогов, П.П. Блонский, М.Монтессори т.б. жазды. Соңғы зерттеулер қатарында Паустовский К.Г., Роботова А.С., Леонтьева Т.В., Шапошникова И.Г. және т.б. еңбектерін айтуға болады [8,9].

Экономикалық тұрақсыздық мәдениетсіздіктің кең өріс алуы және әлемдегі барлық саланың тез өзгеріске ұшырауы жағдайында өскелең ұрпақты ерекше қорғауды қажет ететін бүгінгі күні балаларға деген адамгершілік яғни сезімтал, қамқор, ұқыпты қарым-қатынас талабы өзінің өзектілігін жоймайды. Сондықтан болашақтың ұстаздары оған дайын болуы керек. Белгілі ғалым А.Е. Әбілқасымованың көптеген еңбектерінде болашақ математика мұғалімдерін кәсіби-әдістемелік жағынан дайындау мәселелері туралы айтылады [10].

Қазіргі таңда мектептегі жоғары сынып оқушыларына, жасөспірімдерге «мұғалімнің бойында қандай қасиеттер болғанын бағалайсыз?» деген сұрақтар бергендегі жауаптарының мазмұны әдептілік, мейірімділік, оқушыларға қатысты мәселелерді түсіну, оқушыға бағдарламалық материалды меңгеруге көмек қолын созу, көпшілдік, саналылық, еңбексүйгіштік, ұстамдылық, оқушының танымдық қабілетіне сену, шыдамдылық, талап қоя білу, т.с.с басқа да бірқатар кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін атап көрсетті. Бірақ, оқушы бағалайтын ең бастысы-рухани жомарттық, шынайылық пен қарым-қатынастағы мейірімділік. Режиссер профессор М.О. Кнебель, өзінің «Педагогика поэзиясы» атты кітабында «ана балаларына бар жақсыны сыйлайтыны сияқты ұстазы да шәкіртіне сондай көзқараста болуы керек» деп жазады. Бұл осы мамандықтың ішкі мазмұны.

Сондай-ақ, мұғалім мен қызметтегі әріптестері арасындағы қарым-қатынастың «этикалық кодексі» бар.

5 Қорытынды

Жалпы қорыта айтқанда, университет немесе колледж түлегі, жаңа педагогикалық ұжымға қосылған жас маманға ұсынар кеңесіміз.

- Осы мекемеде жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен жұмыс түрлерін сынауға және белгілі бір жаңалықтарды ұсынуға асықпаңыз. Әртүрлі жастағы әріптестеріңіздің жағдайын, жетістіктер мен кемшіліктерін, мұқият талдап, дұрыс түсінуге тырысыңыз.

- Мұғалімнің ашық сабағын немесе сабағын, үйірме сабағы, талдағанда әсіресе, тексеруші тұлғалардың қатысуымен өтілген жағдайда, оның жетістіктеріне сипаттама беруден бастаңыз, бұнымен сіз оны қолдауға көмектесесіз.

- Егер сіз өз пәніңізді беретін сыныпта оқушылар тапсырманы орындай алмаса, ол үшін оқушыларды, сынып жетекшісін немесе ата-аналарды кінәлау дұрыс емес. Біз сәтсіздіктердің себебін өзіміздің әдістемелік қателіктерімізден іздеуіміз керек.

• Егер сіз жасы үлкен, құрметті әріптесіңіздің немесе әкімшіліктің пікірімен келіспеңіз бітімге келу позициясын ұстанбасаңыз, бірақ сізде қарым-қатынасты ушықтырмауыңыз керек. Өз ұстанымыңызда қалып, өз пайдаңызға шешу жолдарын іздеп, дәлелдер келтіріп, қарсыластарыңызды, олардың пікірі қате екенін сендіруге тырысқаныңыз жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Кан-Калик В. А., Никандров Н. Д. «Педагогическое творчество» – М., 1990.
2. Ильин Е. Н. «Минувших дней итоги» – Л., 1991.
3. Леви В. Исповедь гипнотизера. – Нн. 2. – М., 1994.
4. Г.И.Щукина Проблема познавательного интереса в педагогике. – Москва: Педагогика, 1971. – 352 с.
5. Кузьмина Н.В., Реан А.А. Профессионализм педагогической деятельности- СПб., 1993.
6. И.Кант Теоретическая философия – 2018.
7. Педагогический поиск. – М., 1987.
8. Паустовский К. Г. Собр. Соч.: В9т. – М., 1982 – Т4.
9. Роботова А.С. Леонтьева Т.В., Шапошникова И.Г. и др. «Введение в педагогическую деятельность» – М.; Издательский центр «Академия» 2004 – 208 с.
10. Abylkassymova Alma Esimbekovna. On Mathematical – Methodical Training of Future Mathematics Teacher of Content Updating of School Education //Modern Journal of Language Teaching Methods (MJLTM) ,ISSN:2251-6204, Iran. – V.8. – ISS.3.- March 2018. – P.4.

МЕНЛИХОЖАЕВА, С.К., АЙМУРАТОВА, Т.С.

ПРИВЛЕЧЬ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ К ВЗАИМООТНОШЕНИЯМ В ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

В этой статье мы поговорим об отношениях между учителем и учеником.

Для молодых учителей, которые только начинают свою карьеру, сразу очевидно что для успешной работы необходимы не только предметные и психологические знания но и коммуникативные способности.

Готовы ли вы к таким отношениям?! Кому-то этот вопрос может показаться странным: мы постоянно на связи, невозможно представить жизнь без общения но не нужно спешить с ответом.

Речь идет о подготовке к профессиональному педагогическому общению, которая определяется: знанием основ педагогики общения, овладение навыками организации, общения и управления своим психологическим состоянием; формирование определенных моральных и личностных качеств учителя.

Ключевые слова: психологические знания, педагогическое общение, способности, педагог.

MENLIKHOZHAYEVA, S.K., AIMURATOVA, T.S.,

ENGAGING FUTURE SPECIALISTS IN RELATIONSHIPS IN TEACHING ACTIVITIES

In this article, we will talk about the relationship between teacher and student.

For young teachers who are just starting their career, it is immediately obvious that not only subject and psychological knowledge, but also communication skills are necessary for successful work.

Are you ready for this kind of relationships?! To someone this question may seem strange: we are constantly in touch, it is impossible to imagine life without communication, but there is no need to be hasty with the answer.

We are talking about preparation for professional pedagogical communication, which is determined by knowledge of the basics of pedagogical communication, mastering the skills of organizing communication and managing their psychological state, the formation of certain moral and personal qualities of the teacher.

Key words: psychological education, pedagogical communication, skills, teacher.

МАЗМҰНЫ**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Арутюнян, А.В.</i> Александр Евлаховтың әңгімелерінің поэтикасы және чехов прозасының.....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Мешітбай, А.Қ.</i> Зейнолла Шүкіров шығармаларындағы табиғат көрінісі	7
<i>Қожанұлы, М.</i> Қазақтың күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі этнонимдер туралы бірер сөз	11
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Серік Макпырұлы еңбектерінің мұғалімдерге, оқытушыларға, студенттерге танымдық- тағылымдық әсері.....	18
<i>Шолпанбаева Г.А., Адилова, Ж.Е.</i> Есімдердің өзге тілдерде қолданылатын ерекшеліктері.....	24

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Ақантай, Н. Н., Тастанов, М.Г.</i> Физика олимпиадасының студенттерін даярлаудың жалпы принциптері.....	29
<i>Ахметханова, Д.О., Тастанов, М.Г.</i> Дирихле есебін шешудің математикалық әдістері.....	33
<i>Барсақбаева, М.Б.</i> Қостанай қаласының жанармай құю станцияларында мұнай өнімдерімен ластанған топырақ микрофлорасының биоремедиациялық әлеуетін бағалау ерекшеліктері.....	40
<i>Бейшов, Р.С., Жунисбеков, Н.Е.</i> Өсімдердің фитохимиялық құрамына қоршаған орта факторларының әсерін бағалау.....	47
<i>Бейшов, Р.С., Смаилова, А.И.</i> Өнеркәсіптік кәсіпорындардың табиғи ортаға экологиялық әсерін бағалау әдістері.....	50
<i>Конысбаева, Д.Т., Рұлёва, М.М., Баубекова, Г.К.</i> Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры, биология ғылымдарының докторы Т.М. Брагина-ның теориялық және қолданбалы биологиясындағы ғылыми мұра кезендері.....	55
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Белгілі бір бағытта дөңеске жақын функциялардың бір класы туралы	60
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Аналитикалық функциялардың кейбір кластарындағы логарифмдік туындыны бағалау.....	66
<i>Мефодьева Н.К.</i> Бастауыш мектепте математика сабағында жоба әдісін қолдану	72
<i>Хырхынбай, Ж., Мұқанбетсадықова, А. Қ.</i> ЖМБ сыныптарында математикамен пәнаралық интеграция кезінде ЖИ технологияларын қолдану	75

ИНЖИНИРИНГ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

<i>Нурмагамбетов, Б.Б.</i> Білім беру процесінде виртуалды шындықты қолданудың теориялық талдау (ғарышты зерттеу мысалында).....	83
<i>Савина, Д.Е.</i> 3D модельдеуді зерттеу үшін цифрлық білім беру ресурстарын салыстырмалы талдау	89

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Бейшов, Р.С., Алитанова, М.К.</i> Шаруашылық жарамдылығын бағалау үшін дәнді және тұқым себу сапасын зерттеудің рөлі мен маңызы	97
<i>Каримова А.К.</i> Қостанай ауданының микросателитті ДНҚ-маркерлердің негізіндегі герефорд тұқымды ірі қара малдың генетикалық полиморфизмі.....	102
<i>Райымқұлова, М.Қ., Бектас, Ж.С.</i> Сірке қышқылы туындыларының ферменттерді тежеу белсенділігін зерттеу	108

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Мишулина, О.В. Әлеуметтік бағдарланған сақтандыру өнімдерін дамыту контекстіндегі ҚР сақтандыру нарығының трендтері 117

Меңлікқожаева, С.Қ., Аймұратова, Т.С. Болашақ мамандарды педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынасқа баулу 124

Шамкенов, Р.Ж., Давлетбаева, Ж.Ж. Ақмола облысының туристік индустриясындағы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру 132

БІЗДІҢ АВТОРЛАР 140

АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА 147

СОДЕРЖАНИЕ**ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО**

<i>Арутюнян, А.В.</i> Поэтика рассказов Александра Евлахова и традиции чеховской прозы	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Мешітбай, А.Қ.</i> Пейзаж в произведениях Зейноллы Шукурова.....	7
<i>Қожанұлы, М.</i> Несколько слов о этнонимах в казахских юмористических рассказах	11
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Воспитательное воздействие произведений Серика Макпырулы на учителей, преподавателей и студентов	18
<i>Шолпанбаева, Г.А., Адилова, Ж.Е.</i> Особенности употребления имен в других языках	24

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

<i>Ақантай, Н. Н., Тастанов, М.Г.</i> Общие принципы подготовки студентов физической олимпиады	29
<i>Ахметханова, Д.О., Тастанов, М.Г.</i> Математические методы решения задачи Дирихле.....	33
<i>Барсақбаева, М.Б.</i> Особенности оценки биоремедиационного потенциала микрофлоры почв, загрязненных нефтепродуктами, на заправочных станциях города Костаная	40
<i>Бейшов, Р.С., Жунисбеков, Н.Е.</i> Оценка влияния факторов окружающей среды на фитохимический состав растений	47
<i>Бейшов, Р.С., Смаилова, А.И.</i> Методы оценки экологического воздействия промышленных предприятий на природную среду	50
<i>Коньсбаева, Д.Т., Рұлєва, М.М., Баубекова, Г.К.</i> Вехи научного наследия в теоретической и прикладной биологии почетного профессора Костанайского государственного педагогического института доктора биологических наук Т.М. Брагиной	55
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Об одном классе функций, близких к выпуклым в определенном направлении.....	60
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Оценки логарифмической производной в некоторых классах аналитических функций	66
<i>Мефодьева, Н.К.</i> Использование метода проектов на уроке математики в начальной школе.....	72
<i>Хырхынбай, Ж., Мұқанбетсадықова, А. Қ.</i> Применение технологий ИИ при межпредметной интеграции с математикой в классах ЕМН.....	75

ИНЖИНИРИНГ И ТЕХНОЛОГИИ

<i>Нурмагамбетов, Б.Б.</i> Теоретический анализ использования виртуальной реальности в образовательном процессе (на примере изучения космоса).....	83
<i>Савина, Д.Е.</i> Сравнительный анализ цифровых образовательных ресурсов для изучения трехмерного моделирования.....	89

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ, ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ

<i>Бейшов, Р.С., Алитанова, М.К.</i> Роль и значение изучения зерна и посевных качеств семян для оценки хозяйственной пригодности.....	97
<i>Каримова, А.К.</i> Генетический полиморфизм герефордского скота на основе микросателлитных ДНК-маркеров.....	102
<i>Райымқұлова, М.Қ., Бектас, Ж.С.</i> Изучение ферментингибирующей активности производных уксусной кислоты	108

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

<i>Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Мишулина, О.В.</i> Тренды страхового рынка РК в контексте развития социально-ориентированных страховых продуктов	117
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

<i>Меңлікәжаева, С.Қ., Аймұратова, Т.С. Привлечь будущих специалистов к взаимоотношениям в педагогической деятельности.....</i>	124
<i>Шамкенов, Р.Ж., Давлетбаева, Ж.Ж. Повышение эффективности взаимодействия государства и бизнеса в туристической индустрии Акмолинской области.....</i>	132
НАШИ АВТОРЫ	143
ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ.....	150

CONTENT

HUMANITIES AND ARTS

<i>Arutyunyan, A.V.</i> Poetic manner of Alexandr Yevlakhov's stories and the traditions of chekhovian prose.....	3
<i>Bekbosynova, A.Kh., Meshitbay, A. K.</i> Landscape in the works of Zeynolla Shukurov.....	7
<i>Kozhanuly, M.</i> A few words about ethnonyms in kazakh humorous stories.....	11
<i>Ospanuly, S., Myrzagaliyeva, K.</i> The educational impact of Serik Makpyrula's works on teachers, lecturers and students.....	18
<i>Sholpanbayeva, G. A., Adilova, Zh. Y.</i> Features of the use of names in other languages.....	24

NATURAL SCIENCES

<i>Akantai, N.N., Tastanov, M.G.</i> General principles of preparing students for the physical olympiad.....	29
<i>Akhmetkhanova, D.O., Tastanov, M.G.</i> Mathematical methods for solving the Dirichlet problem.....	33
<i>Barsakbayeva, M.B.</i> Features of the assessment of the bioremediation potential of the microflora of soils contaminated with petroleum products at gas stations in the city of Kostanay.....	40
<i>Beishov, R.S., Zhunisbekov, N.E.</i> Assessment of the influence of environmental factors on the phytochemical composition of plants.....	47
<i>Beishov, R.S., Smailova, A.I.</i> Methods for assessing the environmental impact of industrial enterprises on the natural environment.....	50
<i>Konysbaeva, D.T., Rulyova, M.M., Baubekova, G.K.</i> The scientific heritage milestones in theoretical and applied biology of T.M. Bragina, doctor of biological sciences and honorary professor of the Kostanay state pedagogical institute.....	55
<i>Maiyer, F.F.</i> About one class of functions that are close to convex functions in a certain direction.....	60
<i>Maiyer, F.F.</i> Estimates of the logarithmic derivative in some classes of analytical functions.....	66
<i>Methodieva N.K.</i> Using the project method in a math lesson in elementary school.....	72
<i>Khyrkhynbay, Zh., Mukanbetsadykova, A. K.</i> The use of AI technologies in interdisciplinary integration with mathematics in the NMD classes.....	75

ENGINEERING AND TECHNOLOGY

<i>Nurmagambetov, B.B.</i> Theoretical analysis of the use of virtual reality in the educational process (based on the example of space study).....	83
<i>Savina D.E.</i> Comparative analysis of digital educational resources for studying 3D modeling.....	89

AGRICULTURAL, VETERINARY SCIENCES

<i>Beishov, R.S., Alitanova, M.K.</i> The role and importance of studying grain and solving qualities of seeds for assessing economic suitability.....	97
<i>Karimova, A.K.</i> Genetic polymorphism of hereford cattle based on microsatellite DNA markers.....	102
<i>Raiymkulova, M.K., Bektas, Zh.S.</i> Study of enzyme inhibitory activity of acetic acid derivatives.....	108

SOCIAL SCIENCES

<i>Koval, A.P., Bayandin, M.A., Mishulina, O.V.</i> Trends in the insurance market of the republic of Kazakhstan in the context of the development of socially oriented insurance products.....	117
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

<i>Menlikozhaeva, S.K., Aimuratova, T.S.</i> Engaging future specialists in relationships in teaching activities	124
<i>Shamkenov, R.Zh., Davletbaeva, Zh. Zh.</i> Enhancing the effectiveness of state and business interaction in the tourism industry of the Akmola region	132
OUR AUTHORS	145
INFORMATION FOR AUTHORS	153

Компьютерлік беттеу: С. Красикова

Компьютерная верстка: С. Красикова

Басуға 15.04.2024 ж. берілді.
Пішімі 60x84/8. Көлемі 12,0 б.т.
Тапсырыс № 027

Подписано в печать 15.04.2024 г.
Формат 60x84/8. Объем 12,0 п.л.
Заказ № 027

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университетіндегі
редакциялық-баспа бөлімінде басылған
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Костанайского регионального университета
имени Ахмет Байтұрсынұлы
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47